

"Екібастұз өнеркәсіпсервис" ашық акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 6 мамыр N 497

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Z970067_ Заңына сәйкес және "Екібастұз өнеркәсіпсервис" ашық акционерлік қоғамын банкрот деп тану туралы сот шешімінің қабылдануына байланысты, сондай-ақ еліміздің экономикасы үшін оның маңызды стратегиялық мәнін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Екібастұз өнеркәсіпсервис" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Екібастұз өнеркәсіпсервис" ААҚ) конкурстық массасын сатудың мыналарды көздейтін ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін:

1) "Екібастұз өнеркәсіпсервис" ААҚ-тың конкурстық массасын бірнеше лоттарға бөлуге;

бірінші лот - "Ударная" және "Трудовая" темір жол станцияларының мүлкіті кешендері;

екінші лот - өзге мүлік;

2) бірінші лоттың бастапқы бағасын әкімшілік шығыстардың және бірінші, екінші және үшінші кезектегі несие берушілер талаптарының сомаларынан төмен емес етіп белгілеу;

3) өндірістің үздіксіздігін сақтай және табиғатты қорғау объектілерінің жұмысын қамтамасыз ете отырып, банкроттық рәсімін жүргізу.

2. Бірінші лотты сатып алушыларға мынадай қосымша талаптар белгіленсін:

1) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен келісілген мүлкіті кешендерді дамытудың және пайдаланудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасының болуы;

2) Екібастұз бассейнінің көмірін соңғы бес жыл ішінде жылына екі жарым миллионнан кем емес көлемде пайдалану;

3) "Ударная" және "Трудовая" темір жол станцияларының қызметкерлерімен еңбек шарттарының үздіксіздігін және осы шарттар бойынша сатып алушының құқықтық мұрагерлігін қамтамасыз ету.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Екібастұз өнеркәсіпсервис" ААҚ-ның иелігіндегі шектеулі мүлкітің бір бөлігін сату жөніндегі мамандандырылған ашық аукционды өткізудің ерекше тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 217 Р 000217_ қаулысы;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 952 және 2000 жылғы 12 ақпандағы N 217 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 наурыздағы N 424 P000424_ қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі бұрын

қабылданған шешімдерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ. Мәсімовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.